

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҢА ДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

25 мамыр 2016 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IX Astana Economic Forum

PART I

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

міндеттерін ұстануды, әлеуметтік-экономикалық даму мен жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту, табиғи-ресурсты мүмкіндіктерді жандандыруды қолға алу қажет.

Әдебиеттер:

1. Туризм в мире [Электронный ресурс]. Всемирная туристическая организация при ООН. – Режим доступа: www.checkfelix.com
2. Гельмле А.М. Концепция кластера, как основы обеспечения конкурентноспособности отраслей экономики /А.М.Гельмле // Транзитная экономика. - 2013. - №4 – С.14.
3. Попова А.И. Теоретико-методические основы конкурентного развития регионов // Материалы региональной научно-практической конференции «Актуальные проблемы экономики, образования и науки». – Кисловодск: филиал РИНХ, 2014.

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ КЛАСТЕРІ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМІ ОРТАЛЫҒЫ

Отарбай А.Ф., Бержанова А.М.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: aydokka.com@mail.ru

Денсаулық сақтау саласы медициналық көмек көрсету сабақтастығын, қолжетімділігін, уақытылығы мен сапалығын қамтамасыз етуге бағытталған, бірыңғай дамыған әлеуметтік-бейімделген жүйені ұсынатын, халық ауқаттылығының баянды және тұрақты өсуі тұрғысынан Қазақстан Республикасында негізгі және басым салаларының бірі болып саналады. Біздің еліміздің ежелгі Жібек жолының торабында орналасуы (халықаралық транзиттік кеңістікте «Батыс Еуропа – Батыс Қытай»), ТМД елдерінің бірыңғай орыстiлді кеңістігіне қатысуы және туристік әлеуеті медициналық туризмнің тартымды бағытына айналуына көмек береді.

Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау саласын қаржыландару 10 жылдың ішінде 5 есеге артқан. 2014 жылы Республикалық бюджеттен денсаулық сақтау саласына 862 млрд теңге бөлінген (медициналық білім беруді қоса алғанда). 2012-2014 жылдардағы денсаулық сақтау саласының үш жылдық бюджеті 1 триллион 315 миллиард теңгені (1,315 трлн.теңге) құрады. Жыл сайын, медициналық құрал-жабдықтар алу үшін мемлекет 25-30 млрд теңгені инвестициялайды. Мемлекет дәрі-дәрмек нарығында ең негізгі сатып алушы болып табылады. 2014 жылы дәрі-дәрмек сатып алу үшін 4,2 млрд теңге Республикалық бюджеттен бөлінді. Салыстыру үшін, оның үлесі 2013 жылы жалпы көлемнің 45% құрады, ал жалпы көлемі 70 млрд.теңге [1].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы сарапшыларының мәліметтері бойынша адам басына шаққандағы жалпы ішкі өнімнің мөлшері 1000 АҚШ долларға артқан жағдайда адамның өмір сүру деңгейінің орташа ұзақтығы 0,5 жылға артады, ал табыс 1000 АҚШ долларына артқан жағдайда – 1 жылға ұзарады. Қазіргі уақытта Еуропа мемлекеттерінде денсаулық сақтау бойынша қажеттілікке жұмсалатын шығындар ЖІӨ-нің 7-9%, ал АҚШ-та – шамамен 15% құрайды. Ресей Федерациясында – ЖІӨ-нің 3,5% құрайды. Денсаулық сақтау мақсатында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қажетті көлемнің минималды мөлшерін ұсынады – дамыған мемлекеттердің бюджеттік қаржыландыруы барысында ЖІӨ-нің 6-8% және дамушы мемлекеттердің ЖІӨ-нің 5% бөлігі. Ал Қазақстанда 2014 жылғы мәліметтер бойынша бұл көрсеткіш 3,8% құрады [2].

2014 жылғы Harvard Medical International ұйымының зерттеу деректеріне сәйкес, жыл сайын қазақстандықтар шет елде емделуге шамамен 200 млн АҚШ долларын жұмсайды. Жиі бұл қызметтер кардиохирургия, нейрохирургия, ағза трансплантациясы, онкология және медицинаның басқа да салаларына қатысты болады [3]. Бұл осы қызмет көрсетулердің қол

жетімді болмауына және олардың төмен сапасына байланысты. Медициналық көмек үшін шет елдерге бару қажеттілігін төмендету мақсатында, қазіргі таңда елімізде нақты жағдайлар жасалуда. Соңғы жылдары елде жоғары санатты жақсы жабдықталған ауруханалар салынды. Үлкен назар мамандарды даярлауға бөлінуде, оның ішінде шет елдерде және шетелдік дәрігерлерді шақыру арқылы. Егер өзге елдерде емделуді «медициналық қызметтер импорты» деп санасақ, оған балама ретінде өз елінде сапалы медицинаны дамыту арқылы импорттық орын басу болуы қажет.

Бұл барлық басымдықтар медициналық туризмді дамытумен тығыз байланысты: ерекше алғанда Қазақстан азаматтарының ішкі туризмінің ерекшеліктері. Астана қаласы медициналық туризмді дамыту орталығы бола алады, өйткені мұнда медициналық кластер – Ұлттық Медициналық Холдинг құрылған (әрі қарай ҰМХ). Қазіргі таңда ҰМХ барлық қазақстандық денсаулық сақтау жүйесіндегі локомативті даму мен жаңа медициналық технологияларды енгізу алаңы болып табылады. ҰМХ құрудың негізгі идеясы – Астана қаласындағы инновациялық медициналық орталықтарды тиімді бизнеске бағытталған басқарманы енгізу, сонымен бірге жоғарғы сапалы медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету. Ол Астана қаласындағы медициналық кластер аумағында орналасқан денсаулық сақтау саласының 6 инновациялық объектілерін біріктіреді: Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы, Республикалық балаларды оңалту орталығы, Республикалық диагностикалық орталығы, Ұлттық нейрохирургия орталығы, Республикалық жедел медициналық жәрдем ғылыми орталығы және Ұлттық кардиохирургиялық ғылыми орталығы.

Медициналық туризм даму жағдайын сөз еткенде, елдердің географиясы кеңейіп жатқанын айта кету керек. Мысалы, холдинг клиникаларында АҚШ, Жапония, Италиядан пациенттер емделе бастады, өйткені, одан бұрын тек Ресей мен Қырғызстанның ғана пациенттері келетін. 2014 жылы холдингтің барлық клиникаларымен 832 шетелдік азаматтарға медициналық қызметтер көрсетілген болатын, оның ішінде Қазақстан аумағында жұмыс істеп жүргендер және ТМД елдерінен келушілер. Медициналық қызметтерді алушы пациенттер: Ұлыбританиядан – 260, АҚШ – 111, Қырғызстаннан – 51, Түркиядан – 50, Ресейден – 44, Болгариядан – 35, Шри-Ланкадан – 23, Филиппиннан – 27 және т.б. Шетелдік пациенттердің географиялық ауқымы кең деуге тұрарлық – әлемнің 31 елінің азаматтары [4].


Қазақстанның медициналық туризмінің мақсаты – Ұлттық медициналық холдингте немесе оның шегінде сапа мен қауіпсіздіктің халықаралық медициналық стандарттарына сай болатын ауруханаларда сапалы, жоғары мамандандырылған, пациенттерге бейімделген медициналық көмекті ұсыну және даярлау. Қазақстанның медициналық туризмінің басты міндеттері ретінде келесілерді ерекшелеуге болады:

1) Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін Ұлттық медициналық холдингке шетелдік мамандарды тарту;

2) ҚР территориясында уақытша тоқтаған және өмір сүретін шетелдік азаматтар (мысалы, «Назарбаев университеті» АҚ қызметкерлері, дипломатиялық қызмет, консулдықтар қызметкерлері және басқа да шетелдік азаматтар) үшін медициналық қызметтер ұсыну;

3) Таяу шетел мемлекеттерінің азаматтарына (Қырғызстан, Өзбекстан, Монғолия, Тәжікстан, Ресей, т.б.) медициналық қызметтер ұсыну, тек үйлестіруші ретінде ғана емес, сонымен қатар, медициналық көмекті көрсету бойынша негізгі атқарушы ретінде.

Қойылған мақсаттардың масштабы оларды жүзеге асыру кезеңдерін шарттайды: бірінші кезең (2012-2014 жж.), екінші кезең (2015-2017 жж.), үшінші кезең (2018-2020 жж.) (сурет 1) [5]:



Сурет 1. Медициналық туризм мақсаттарының жүзеге асырылу кезеңдері
Ескерту – Мәліметтер [5] негізінде автормен анықталған

- бірінші кезең – үздік шетелдік академиялық орталықтармен серіктестікте госпиталдық менеджмент аясында жоғары мамандандырылған кадрларды даярлау, басқарудың халықаралық технологиялар трансферті және медициналық кластер объектілерін басқаруға шетелдік компанияларды тарту негізінде Ұлттық медициналық холдингтің басымдылықтарын дамыту;

- екінші кезең – медициналық кластер клиникаларымен шығынсыздық нүктесіне жетуде Ұлттық медициналық холдингтің еншілес ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын құру;

- үшінші кезең – Ұлттық медициналық холдингтің дүниежүзі танылған брендин қалыптастыру және Қазақстанда медициналық туризмді дамыту.

Көрсетілген кезеңдерге сәйкес Ұлттық медициналық холдингте медициналық туризмнің даму міндеттеріне келесілерді ұсынуға болады:

1. Медициналық көмек алу үшін елдің шегінен шығатын Қазақстан Республикасы азаматтарының санын қысқарту;

2. Қазақстанда және таяу шетел елдерінде өмір сүретін шетелдік азаматтар үшін Ұлттық медициналық холдингтің тартымдылығын арттыру;

3. Медициналық қызметтердің халықаралық нарығына шығу;

4. Таяу және алыс шетелдің үздік ауруханаларымен серіктестікті дамыту;

5. «Болашақ госпиталі» брендинің танымалдылық деңгейін арттыру;

6. Қазақстанның туризм және денсаулық сақтау жүйесінің дамуына себептесу.

Холдингтің басты міндеті – дәлелдеуші медицина қағидаларын, нәтижелі медициналық білім беру мен алдыңғы қатарлы медицина ғылымының жетістіктерін қолдана отырып, халықтың денсаулығын жақсарту. Емделушіге тартымдылықты қамтамасыз ету үшін жаңа жоғары мамандандырылған қызметтерді енгізу қажет. «Ұлттық Медициналық Холдинг» АҚ-ның «Назарбаев Университеті» АҚ құрамына енгізу тиімді емдеу-диагностикалық технологияны тәжірибеге енгізу үшін шарт құрады және сонымен қатар медициналық қызметтер саласында бәсекеге қабілетті нарық құру жолымен инновациялық даму, медициналық тәжірибеде дәрілік құралдар мен диагностикалық жаңа тиімді технологияларды енгізу фундаменталды ғылым негізінде қарастырылады. Жаңа медициналық технологияларды енгізу, сөзсіз, медициналық қызметтің сапасын арттырады. Бірақ, көрсетілетін медициналық қызмет сапасын анықтайтын негіздеме мейірбикелердің, дәрігерлердің, техникалық персоналдардың және әкімшілік жұмысшылардың кәсібиліктерінен құралған адами факторларға тәуелді.

«ҰМХ» АҚ мамандары емдеу мен диагностикалаудың ілгерінді технологияларымен тікелей таныса отырып, шетелдің жетекші орталықтарында оқу, біліктілік көтеру мақсатында белсенді қызметтестік; емдеу мен диагностикалаудың әлемдік халықаралық стандарттарына сәйкес ұтымды тәжірибені тарату және енгізу; ғылыми-практикалық конференциялар, мастер-класстар және семинарлар өткізу; ақпараттандырылған оқыту; қашықтықтан оқыту үшін электрондық кітапхананы құру; медициналық дәрігерлер мен мейірбикелер үшін тренингтік бағдарламаларды жетілдіру бойынша іс-шаралар жүзеге асырылуы қажет.

Қорыта келе, Қазақстан Республикасы азаматтарының өмір сапасы қауіпсіздік пен сапаға бағытталған жоғары халықаралық стандарттар негізінде, ілгерінді медициналық және

басқару технологияларына негізделген жоғары дәрежелі медициналық қызметтерді ұсыну арқылы жақсарту, сонымен қатар Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесін, отандық медициналық ғылым және білімді дамыту – Ұлттық медициналық холдингтің миссиясы – медициналық туризм дамуының басты мақсатын айқындайды.

Әдебиеттер:

1. Қацага А., Кульжанов М., Караниколос М., Речел Б. Казахстан: обзор системы здравоохранения. Системы здравоохранения: время перемен, 2014; 14(4): 1 – 154 б.
2. Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы [Электрондық ресурс]. – Қол жетімділік тәртібі: <http://www.rcrz.kz/index.php/ru/o-centre/blog/33-blog-gen-dir/416-novosti04062015>
3. Проблемы развития здравоохранения Казахстана на современном этапе [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://articlekz.com/article/8040>
4. «Ұлттық медициналық холдинг» АҚ 2015 жылдың бірінші жарты жылдығы бойынша есебі. – 28 б.
5. «Ұлттық медициналық холдинг» АҚ 2012-2020 жылдарға арналған медициналық туризмді дамыту тұжырымдамасы. – 23 б.

СЕРВИСНАЯ ЛОГИСТИКА КАК СФЕРА УПРАВЛЕНИЯ ПОТОКОВЫМИ ПРОЦЕССАМИ В СФЕРЕ УСЛУГ

Тажен А.Н.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
г.Астана., Республика Казахстан
e-mail: aidanushka@mail.ru

Известно, что первым полем, засеянным семенами логистики, было военное поприще. Дальнейшее распространение получила логистика в материальном производстве. В условиях развития процесса логистизации, охватившего на сегодняшний день все сферы экономики, использование концепции значительно расширяется. Не стала исключением и сфера услуг, где применение концепции вполне реально. Именно сфера услуг выступила базой апробации новой логистической ветви – сервисной логистики как науки и практики управления потоками потребителей и обслуживающими их потоками.

Существует много определений логистики, приведем некоторые из них. Логистика:

- 1) в античной математике — совокупность вычислительных и измерительных алгоритмов в отличие от теоретической математики;
- 2) в переводе с немецкого языка «logistic», с греческого «logos» — довод, доказательство — одно из античных направлений математики, связанное с работами Бертрона Рассела и его школы;
- 3) в переводе с английского языка «logistics» — материально-техническое снабжение;
- 4) наука об управлении материальными и связанными с ними информационными, финансовыми и сервисными потоками в экономической системе с оптимальными затратами ресурсов. На практике - это процесс планирования, организации и контроля за движением потоков [1].

Как следует из определения, логистика – это, прежде всего, управление.

Для традиционной логистики – это управление материальными, информационными и финансовыми потоками, для сервисной логистики объектом изучения являются сервисные потоки, сопровождающие материальные потоки, а основная ее цель – обеспечение логистических систем сервисной поддержкой в определенные сроки, в требуемом объеме и в заданном месте.